



**Алматы қаласы Білім басқармасының «№52 Жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім алушыларды тамақтандыруды
ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді берушіні таңдау жөніндегі
конкурстық құжаттамасы**

Конкурсты ұйымдастырушы:

Алматы қаласы Білім басқармасының «№52 Жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

050016, Алматы қаласы Медеу ауданы, Пушкин көшесі, 1 үй

ЖСК KZ32070102KSN6001000, ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті РММ

БСН 990440002857

БСК ККМФКЗ2А, Кбе 12

email: school-52@mail.ru, байланыс телефондары: 8 (727) 234-77-05;

1. Жалпы ережелер

1. Конкурс Алматы қаласы Білім басқармасының «№52 Жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді берушіні таңдау мақсатында өтеді.

2. Білім алушыларды тегін тамақтандыруды ұйымдастыруға бөлінген сома 837000 (сегіз жүз отыз жеті мың) 00 теңге.

Осы конкурстық құжаттама мыналарды құрайды:

1) конкурстық құжаттаманың 1-қосымшасына сәйкес көрсетілетін қызметтерді алушылар санаттарының тізбесі;

2) конкурстық құжаттаманың 2-қосымшасына сәйкес білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді берушіні таңдау жөнінде техникалық тапсырма;

3) конкурстық құжаттаманың 3, 4-қосымшаларына сәйкес заңды және жеке тұлғалар үшін конкурсқа қатысуға арналған өтінім;

4) конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасына сәйкес әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтер;

5) конкурстық құжаттаманың 6-қосымшасына сәйкес конкурс жеңімпазын айқындау үшін критерийлер тізбесі;

6) конкурстық құжаттаманың 7-қосымшасына сәйкес білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді берушінің қызмет көрсету жөнінде келісімі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтініммен қоса орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын тегін тамақтандыруды қамтамасыз ету үшін бөлінген соманың бір пайыз мөлшерін көрсетілген формалар бойынша енгізеді:

1) конкурсты ұйымдастырушының мынадай банк шотына

ЖСК KZ490705023603850001, ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті РММ

БСН 990440002857 БСК ККМФКЗ2А, Кбе 12 банк шотында

орналастырылған кепілдік ақша жарнасы;

2) банктік кепілдіктер.

Әлеуетті өнім беруші немесе оның кепілхаты бар өкілі конкурс құжаттамаларын конкурсты ұйымдастырушының пошталық мекенжайына **050016, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Пушкин көшесі, 1 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№52 Жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне** жібереді немесе Алматы қаласы Білім басқармасының «№52 Жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің комиссия хатшысына (21кабинет, қабылдау бөлмесіне) «Білім мекемелеріндегі білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі Ереженің» 41 тармағына сәйкес 2016 жылдың 12 сәуір сағат 9:30 дейін өткізуі тиіс.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер күнделікті (сенбі және жексенбі күндерінен басқа күндері) сағат 10:00-ден 15:00-ге дейін қабылданады.

Конкурстық құжаттаманы әлеуетті өнім беруші конкурс ұйымдастырушысына түзетулерсіз, таза, беттері нөмірленген, тігілген түрде өткізуі тиіс. Өтінімнің соңғы беті бірінші басшының қолымен расталып, мөрмен бекітіледі.

Конкурс ұйымдастырушыларының бекіткен мерзімінен кеш өткізілген құжаттар тіркелмейді, әлеуетті өнім берушіге қайтарылады.